

**Павлодар облысы әкімдігінің 2021 жылғы 25 наурыздағы "2021 жылға арналған агроөнеркәсіптік кешен саласындағы кейбір мәселелері туралы" № 84/3 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Павлодар облысы әкімдігінің 2021 жылғы 18 қарашадағы № 303/8 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 19 қарашада № 25238 болып тіркелді

Павлодар облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2021 жылғы 25 наурыздағы "2021 жылға арналған агроөнеркәсіптік кешен саласындағы кейбір мәселелері туралы" № 84/3 қаулысына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7231 болып тіркелген) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес 2021 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтері;

3) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттары және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдері бекітілсін.";

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулы осы қаулының 2, 3-қосымшаларына сәйкес 2, 3-қосымшалармен толықтырылсын.

2. "Павлодар облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М.О. Өтешовке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Павлодар облысының әкімі

А. Скаков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Павлодар облысы әкімдігінің  
2021 жылғы 18 қарашадағы  
№ 303/8 қаулысына  
1-қосымша

Павлодар облысы әкімдігінің  
2021 жылғы 25 наурыздағы  
№ 84/3 қаулысына  
1-қосымша

**2021 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері**

№	Субсидиялау бағытының атауы	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативі, теңге	Субсидияланатын көлем	Субсидиялар сомасы, мың теңге
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы					
Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:					
1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	бас/шағылыстыру	10 000	65 208	652 080
2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы	маусымы	15 000	22 783	341 745
3	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	бас/шағылыстыру маусымы	100 000	26	2 600
4	Етті, етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу	сатып алынған бас	150 000	1 950	292 500
Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:					
5	Отандық	сатып алынған бас	150 000	1 904	285 600
6	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Украина елдерінен импортталған		225 000	1 136	255 600
7	Аустралия, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа елдерінен импортталған		300 000	186	55 800
8	Ірі қара малдың тұқымдық шығу тегіне сәйкес келетін импортталған аналық басын сатып алу		150 000	2 565	384 750

9	Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне 50 бас ірі қара мал болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген немесе ауыстырылған ірі қара малдың еркек дарактарының (оның ішінде сүтті және сүтті-етті тұқымдардың еркек дарактары) құнын арзандату	тірідей салмағы, килограмм	200	874 870	174 974
	Барлық сомасы				2 445 649
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы					
Сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасының ұрығын сатып алу:					
10	Қос жынысты		5 000	5 279	26 395
Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:					
11	Отандық		200 000	60	12 000
12	Аустралия, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа елдерінен импортталған	сатып алынған бас	400 000	1 598	639 200
Сүт өндіру құнын арзандату:					
13	Бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылық	өткізілген немесе өңделген килограмм	45	43 579 332	1 961 069,94
14	Бағымдағы сиырларының саны 400 бастан басталатын шаруашылық		30	4 015 332	120 459,96
15	Бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық		20	3 492 692	69 853,84
16	Ауыл шаруашылығы кооперативі		20	18 004 000	360 080
17	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сүтті және сүтті-етті бағытындағы ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін асыл тұқымды және дистрибьютерлік орталықтарды субсидиялау	ағымдағы жылы ұрықтандырылған бас	5 000	600	3 000
	Барлық сомасы				3 192 058,74
Етті құс шаруашылығы					
Құс етін өндіру құнын арзандату					
18	500 тоннадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген килограмм	50	2 800 000	140 000
19	Күрке тауық етін өндіру құнын арзандату		200	500 000	100 000
	Барлық сомасы				240 000
Жұмыртқалы құс шаруашылығы					
20	Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу	сатып алынған бас	60	396 900	23 814

Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату:					
21	100 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген дана	1,2	84 000 000	100 800
22	50 миллион данадан басталатын нақты өндіріс		1,1	60 000 000	66 000
Барлық сомасы					190 614
Қой шаруашылығы					
Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:					
23	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	бас/шағылыстыру маусымы	4 000	5 409	21 636
24	Қойлардың тауарлық аналық басы		2 500	20 000	50 000
25	Отандық асыл тұқымды қойлар сатып алу	сатып алынған бас	15 000	1 651	24 765
Барлық сомасы					96 401
Жылқы шаруашылығы					
26	Өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу	сатып алынған бас	100 000	11	1 100
Барлық сомасы					1 100
Шошқа шаруашылығы					
27	Шошқалардың аналық және шошқа басын толықтыратын басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу	бас/шағылыстыру маусымы	40 000	1 162	46 480
Барлық сомасы					46 480
Жергілікті бюджет қаражаты есебінен:					
28	Балара ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	балара ұясы/маусым	5 000	1 500	7 500
Ауыл шаруашылығы малдарының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату:					
29	Сүтті және сүтті-етті бағыттағы ірі қара малдың аналық басы	бас	60 000	16 667	1 000 020
30	Ірі қара малдың аналық басы		10 000	47 000	470 000
31	Ұсақ малдың аналық басы		3 000	10 000	30 000
32	Бие сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	килограмм	60	19 621	1 177,26
Барлық сомасы					1 508 697,26
Барлығы					7 721 000

Павлодар облысы әкімдігінің  
2021 жылғы 18 қарашадағы  
№ 303/8 қаулысына  
2-қосымша

Павлодар облысы әкімдігінің  
2021 жылғы 25 наурыздағы  
№ 84/3 қаулысына  
2-қосымша

**Ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтері**

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлігіне арналған субсидиялар нормативтері, теңге
Ауыл шаруашылығы малдарының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату:			
1	Сүтті және сүтті-етті бағыттағы ірі қара малдың аналық басы	бас	60 000
2	Ірі қара малдың аналық басы		10 000
3	Ұсақ малдың аналық басы		3 000

Павлодар облысы әкімдігінің  
2021 жылғы 18 қарашадағы  
№ 303/8 қаулысына  
3-қосымша

Павлодар облысы әкімдігінің  
2021 жылғы 25 наурыздағы  
№ 84/3 қаулысына  
3-қосымша

**Ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттары және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдері**

№	Субсидиялау бағыты	Өлшемшарттар	САЖ - да субсидиялау шарттарына сәйкестігін тексеру әдісі	Өтінімді беру мерзімі
1.	Ауыл шаруашылығы малдарының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату:	Өтінімді берген сәтте аналық мал басының САТЖАҚ-та және АЖБ-да тіркелуі және деректердің сәйкестігі	САЖ - да субсидиялау шарттарына сәйкестігін тексеру әдісі	Ағымдағы жылғы 1 қарашадан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін
1.1	Сүтті және сүтті етті бағыттағы ірі қара малдың аналық басы	Өтінімді берген сәтте (18 айдан асқан сиыр мен қашарлардың) меншікті аналық басының 600 бастан кем емес болуы		
1.2	Ірі қара малдың аналық басы	1) өтінімді берген сәтте (18 айдан асқан сиыр мен қашарлардың) меншікті аналық басының 1 бастан 200 басқа (қоса алғанда) дейін болуы; 2) жайылымның болуы		
1.3	Ұсақ малдың аналық басы	1) өтінімді берген сәтте меншікті қойдың аналық басының (12 айдан асқан) 1 бастан 2 000 басқа (қоса алғанда) дейін болуы; 2) жайылымның болуы		

Ескертпе:

аббревиатуралардың толық жазылуы:

АЖБ – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқор;

САЖ – субсидиялаудың ақпараттық жүйесі;

САТЖАҚ – селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық қоры.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК